

"Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 44/4 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 қарашадағы № 8/4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 8 желтоқсанда N 3952 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 12/1 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 27.03.2017 № 12/1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының мәслихаты **ШЕШІТІ**:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 44/4 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3567 болып тіркелді, 2016 жылғы 29 қаңтарда "Әділет" Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйелерінде жарияланды) келесі өзгеріс енгізілсін:

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында 1 қосымша осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы  
Шал ақын ауданы  
мәслихатының  
VIII сессиясының төрагасы

Солтүстік Қазақстан облысы  
Шал ақын ауданы

C. Окунев

мәслихатының хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

Солтүстік Қазақстан

облысының әкімі

2016 жылғы 21 қараша

О. Әмрин

Е. Сұлтанов

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2016 жылғы 21

қараша № 8/4 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына 1-

қосымша

## Атаулы күндердің, мереке күндерінің, алушылар санаттарының тізбесі, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі және мөлшері

№ т/ т	Естелік даталардың, мерекелік күндердің атаулары және әлеуметтік көмек алушылардың санаттары	Әлеуметтік көмек бөлгіштігі мен көлемі
15 ақпан – "Ауғанстан аумағынан әскерді шығару күні"		
1	Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік қызметінің әскери қызметкерлері, басқа мемлекеттер аумағында жауынгерлік іс-қимылдарда катысқан бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (әскери мамандар мен кеңесшілерді қосқанда) ішкі істер Министрлігі құрамының басшысы мен катардағы тұлғалар; жауынгерлік іс-қимылдар жүргізу кезіндегі Ауғанстанға бағытталған және оқу жиылымдарына шақырылған әскери міндеттілер; жауынгерлік іс-қимылдар жүргізу кезіндегі бұл елге жүктеді жеткізуге Ауғанстанға бағытталған әскери міндетті автоколік батальондары; бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік іс-қимылдармен ұшқан әскери міндеттілердің ұшқыш құрамы; мертікken немесе зақымданған, жаралған Ауғанстандағы совет әскери құрамына қызмет еткен жұмысшылар мен қызметкерлер немесе жауынгерлік іс-қимылдарды қамтуда катысқаны үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы медальдарымен және ордендарымен марапатталғандар.	Жылына 1 рет 15 айлық есептік көрсеткіш
2	Жауынгерлік іс-қимылдар жүрген Ауғанстанда немесе басқа мемлекеттерде әскери қызметін өтеу кезіндегі фронтта болған аурулар салдарынан немесе қызметтік міндеттерін орындау кезінде, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын қорғау кезінде мертікken, зақымданған, жаралану салдарынан мүгедек болған әскери қызметкерлер.	Жылына 1 рет 15 айлық есептік көрсеткіш
3	Басқа елдерде әрекет ететін әскери құрамдарда қызмет көрсететін тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметкерлер және жауынгерлік іс-қимылдар кезінде алған зақымдар, мертігу немесе аурулар салдарынан мүгедек болғандар.	Жылына 1 рет 15 айлық есептік көрсеткіш
4	Жауынгерлік іс-қимылдар болған Ауғанстан немесе басқа мемлекеттерде жауынгерлік іс-қимылдар кезінде алған зақымдар, мертігу немесе аурулар салдарынан алған зақымдар,	Жылына 1 рет 15 айлық

	мертігү немесе аурулар салдарынан қаза болған (хабарсыз жоғалған) қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары.	есептік көрсеткіш
5	Жауынгерлік іс-қимылдар кезінде басқа қалаларда және 1979 жылдың 1 желтоқсанынан 1989 жылдың желтоқсанына дейін Ауғанстанға жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер.	Жылyna 1 р е т 15 айлық есептік көрсеткіш
6	Кеңес әскерлерінің шектелген құрамына кірмейтін және Ауғанстан аумағында уақытша болған бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің жұмысшылары мен қызметшілері.	Жылyna 1 р е т 15 айлық есептік көрсеткіш
8 наурыз- "Халықаралық әйелдер күні"		
1	Көп балалы аналар, "Алтын алқа", "Құміс алқа" алқаларымен, I және II дәрежелі "Ана Даңқы" орденімен марапатталғандар немесе бұдан бұрын "Батыр-Ана" атағын алғандар.	Жылyna 1 р е т 5 айлық есептік көрсеткіш
26 сәуір – "Чернобыль атомдық электр станциясындағы апатты еске алу күні"		
1	1986-1987 жылдары Чернобыль атомдық электр станциясындағы зардаптар салдарын жоюға, басқа азаматтық немесе әскери тағайындалған апаттар мен радиациялық зардаптарға, сонымен қатар ядролық зерттеулер мен оқуларға қатысқан тұлғалар.	Жылyna 1 р е т 15 айлық есептік көрсеткіш
2	Чернобыль атомдық электр станциясындағы апатының және басқа азаматтық немесе әскери тағайындалған апаттар мен радиациялық зардаптар, ядролық қару зерттеуі және олардың балалары ата-ананың біреуі радиациялық сәулеге байланысты мүгедек болған тұлғалар.	Жылyna 1 р е т 15 айлық есептік көрсеткіш
3	Чернобыль атомдық электр станциясындағы апатын және басқа азаматтық немесе әскери тағайындалған апаттар мен радиациялық зардаптарын жою салдарынан қайтқан тұлғалардың отбасылары.	Жылyna 1 р е т 15 айлық есептік көрсеткіш
4	Чернобыль атомдық электр станциясындағы апатының және басқа азаматтық немесе әскери тағайындалған апаттар мен радиациялық зардаптардың ықпалына байланысты белгіленген тізімде қаза болған азаматтар, сонымен қатар сәулелердің салдарынан ауру болып және мүгедек болып қаза болғандардың отбасылары.	Жылyna 1 р е т 15 айлық есептік көрсеткіш
5	1988-1989 жылдары Чернобыль атомдық электр станциясындағы зардаптары салдарын жоюға қатысқан, Қазақстан Республикасына мүлкін алу және жер аудару аймақтарынан көшірілген (өздігінен кеткен), көшіру күні ішіндегі жағдайда болған балаларын қосқанда тұлғалар	Жылyna 1 р е т 15 айлық есептік көрсеткіш
7 мамыр – "Отан корғаушылар күні"		
1	Қоғамға қарсы әрекеттерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті корғау жөніндегі тапсырмаларды орындау кезінде қаза (қайтыс) болған, Қорғаныс министрлігінің, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының әскери міндетіне шақырылған әскери қызметшілердің, басшылық және қатардағы құрамдағылардың отбасылары.	Жылyna 1 р е т 5 айлық есептік көрсеткіш
		Жылyna 1 р е т

2	Бейбіт уақытта әскери қызметін өтеп жүргенде қаза (қайтыс) болған әскери қызметшілердің отбасылары.	5 айлық есептік көрсеткіш
9 мамыр – "Женіс Күні"		
1	Ұлы Отан соғысы қатысушылары мен мұгедектері.	Жылyna 1 р е т 50 айлық есептік көрсеткіш
2	Қолданыстағы әскердің құрамындағы әскери қызметшілерге белгіленген жәрдемақы тағайындауга сіңірген еңбегіне 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін саналатын қалаларды корғауға қатысқан Ұлы Отан соғысы кезінде бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мемлекеттік қауіпсіздігін және ішкі істер органдарындағы әскери қызметкерлер, сондай-ақ басшылық және қатардағы құрамдағы тұлғалар.	Жылyna 1 р е т 5 айлық есептік көрсеткіш
3	Қолданыстағы әскердің құрамындағы әскери қызметшілерге белгіленген жәрдемақы тағайындауга сіңірген еңбегіне 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін саналатын қалаларды корғауға қатысқан Ұлы Отан соғысы кезінде қолданыстағы әскер құрамына кіретін, штабтар, әскери бөлімдерде штаттық лауазымдағылар, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мемлекеттік қауіпсіздігін және ішкі істер органдары мен әскер, Әскери-Теніз Флоты, Кенес Армиясының құрамындағы еркін жалдамалы тұлғалар.	Жылyna 1 р е т 5 айлық есептік көрсеткіш
4	Ұлы Отан соғысы кезінде полк баласы (тәрбиеленуші) юнга ретінде флот және армия құрамына кіретін штабтар мен мекемелер құрамына кірген тұлғалар.	Жылyna 1 р е т 5 айлық есептік көрсеткіш
5	Фашистке карсы және басқа астыртын партизандар жасактары құрамындағы фашистік Германия және оның одақтастарына карсы екінші дүниежүзілік соғыс кезінде шет елдерде жауынгерлік іс-кимылдарға қатысқан тұлғалар.	Жылyna 1 р е т 5 айлық есептік көрсеткіш
6	Басқа мемлекеттер порттарында Ұлы Отан соғысы басында құрылған су флоты экипажы мүшелері, Ұлы Отан соғысы кезінде ағымдағы фронттар шекарасында тапсырмаларды орындау және әскери қызметші ретіндегі, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы балық өнеркәсібінің халық комиссариаты, ұшу авиация және көлік және кәсіпшілік құрамдағы байланысты Халық комиссариаты, хабарлау жолындағы Халық комиссариаты арнайы құрылған жұмысшылар.	Жылyna 1 р е т 5 айлық есептік көрсеткіш
7	Қаланың ұйымдары мен мекемелерінде Ленинград қаласында блокада кезеңінде жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медальмен және "Блокадтық Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталған азаматтар.	Жылyna 1 р е т 5 айлық есептік көрсеткіш
8	Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде фашистер мен оның одақтастарымен құрылған концентрациалды лагерь, гетто мен мәжбүрлеу орындарының қамелетке толмаган бұрынғы тұтқындар.	Жылyna 1 р е т 5 айлық есептік көрсеткіш
9	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер органдары құрамындағы қатардағы және басшы тұлғалалар, жауынгерлік іс-шаралар болған фронтта мемлекеттегі қызметтік міндеттерді орындау немесе фронтта болуына байланысты немесе қызметін атқару кезінде мертігіу, зақым алу және жарапану салдарынан мұгедек болғандар.	Жылyna 1 р е т 5 айлық есептік көрсеткіш
	1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсаны аралығында Украина Кеңестік Социалистік Республикалар, Белорус Кеңестік Социалистік Республикалар, Литва	Жылyna 1

	Кеңестік Социалистік Республикалар, Латвия Кеңестік Социалистік Республикалар, Эстония	р е т
10	Кеңестік Социалистік Республикалар аумағында халықты қорғау жауынгерлері және атқыштар батальоны, взводы мен жасактарында соғыс жүргізген, осы батальондардың, взводтар мен отрядтардың қызметін атқару кезінде мүгедек болған, закым алған, контузия көрсеткіш алған тұлғалар.	5 айлық есептік көрсеткіш
11	Ұлы Отан соғысында жергілікті әуеге қарсы қорғаныстың апattyқ командасы мен нысандардың қорғаныс тобының жеке құрамында каза болғандардың отбасылары, Ленинград қаласының госпиталі мен ауруханаларының каза болған жұмысшыларының отбасылары.	Жылyna 1 р е т 5 айлық есептік көрсеткіш
12	"Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен, "Қоршаудағы Ленинградтың тұрғыны" белгісімен марапатталған, жалпы аурулардың, еңбек зақымдарының және басқа да себептердің (құқыққа қарсыдан басқа) нәтижесінде мүгедек болып танылғандар, каза болған соғыс мүгедектері мен оларға тәнестірілген адамдардың басқа некеге тұрмagan әйелдері (қүйеулері), сонымен қатар каза болған соғыска қатысуышылардың, партизандардың әйелдері (қүйеулері).	Жылyna 1 р е т 5 айлық есептік көрсеткіш
13	Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы ерен еңбегі мен жаксы әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдармен марапатталған тұлғалар.	Жылyna 1 р е т 5 айлық есептік көрсеткіш
14	Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысуышыларына және оларды шығарып салушыларға, қайтқан жауынгерлер жерленген жерлерге Тәуелсіз Мемлекеттер Достатығы елдеріне баруга	Ұлы Отан соғысының қатысуышысы мен мүгедегінің және оны алып жүрген тұлғаның жол жүру құнының 100%
31	мамыр – "Саяси құғын-сұргін және аштық құрбандарын еске алу күні"	
1	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы аумағында саяси құғын-сұргінге тап болған және қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын адамдар	Жылyna 1 р е т 15 айлық есептік көрсеткіш
2	Қазақстан Республикасының қазіргі аумағында өздеріне құғын-сұргіндер қолданылғанға дейін тұрақты өмір сүрген адамдар мына төмендегі жағдайларда танылады: а) бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағынан тысқары жерлерде құғын-сұргіндерді кенес соттары мен басқа да органдардың қолдануы; б) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде (жай адамдар мен әскери қызметшілерді) тұрақты армия әскери трибуналдарының айыптауы; в) Қазақстаннан тысқары жерлерде әскери қызмет атқару үшін шақырылғаннан кейін құғын-сұргіндердің қолдануы; г) құғын-сұргіндерді орталық одақтық органдар: Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Соты мен оның сот алқаларының, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Айрықша бас саяси Басқарма алқасының, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер халық комиссариаты – Мемлекет Қауіпсіздігі министрлігі - Ішкі істер министрлігі жаңындағы айрықша кеңестің, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Прокуратурасы мен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер халық комиссариатының Тергеу Істері жөніндегі комиссиясының және басқа органдар	Жылyna 1 р е т 15 айлық есептік көрсеткіш

ш е ш і м д е р і	б о й ы н ш а	қ о л д а н у ы ;	е с е п т і к
д) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта караудың қолданып жүрген тәртібі сакталатын адамдарды қоспағанда, қуғын-сұргіндердің қолданылуы жағдайларында танылады.			көрсеткіш
3	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мемлекеттік үкіметтің жоғары органдарының құжаттары негізінде Қазақстанға және Қазақстанның күштеу арқылы құқыққа қарсы қоныс аударуга ұшыраған адамдар да танылады.	Жылына 1 р е т 15 айлық е с е п т і к көрсеткіш	
4	Ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси қуғын-сұргіндер құрбандарының балалары, сондай-ақ қуғын-сұргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының қамқорлығының қалған саяси қуғын-сұргіндер құрбандарының балалары танылады.	Жылына 1 р е т 3 айлық е с е п т і к көрсеткіш	
30 тамыз – "Қазақстан Республикасының Конституциясы күні"			
1	Қазақстан Республикасының ерекше еңбегі үшін зейнетқы тағайындалған тұлғалары, облыстық маңызы бар дербес зейнеткер мәртебесіне ие зейнеткерлер, облыстың, (қаланың, ауданының) құрметті азаматтары.	Жылына 1 р е т 10 айлық е с е п т і к көрсеткіш	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК